

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«Қылмыстық саясатты дамыту теориясы мен тәжірибесі»
Халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международного научно-практического круглого стола
«Теория и практика развития уголовной политики»**

**PROCEEDINGS
of the International scientific and practical round table
«Theory and practice of criminal policy development»**

**Астана
2024**

УДК 343.2/.7
ББК 67.408
К83

сборник конференций

В выпускаемый сборник вошли материалы международного круглого стола «ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ» (29 января 2024 года, Астана, Казахстан). - Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2024. - 208 с.

ISBN 978-601-337-965-4

В сборнике международного научно-практического круглого стола на тему «Теория и практика развития уголовной политики» освещены вопросы совершенствования уголовной политики РК в свете регулирования правовых норм по модернизации и оптимизации уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства и осуществления правоприменительной деятельности эффективными процессами обеспечения прав и свобод человека, гражданина и личности.

Сборник сформирован статьями магистрантов и студентов кафедры уголовно-правовых дисциплин юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, обучающимися по ОП 7М04204 – «Судебная власть и уголовная юстиция», 7М04209 – «Судебная экспертиза», 6В04204 – «Судебно-прокурорская и следственно-криминалистическая деятельность» и магистрантов Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК, Академии государственного управления при Президенте РК, а также статьями магистрантов Тюменского государственного университета (РФ, Тюмень).

Публикуемые материалы предоставлены авторской редакцией.

© ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2024

квалификации сотрудников Министерства Внутренних Дел Российской Федерации. 2020. № 1.- с. 37-42.

6. Ермакова О.В. Недостатки законодательной конструкции состава воспрепятствования оказанию медицинской помощи. Вестник Барнаульского юридического института МВД России. № 2. 2021.- с. 166-167.

7. Генеральная прокуратура Российской Федерации: официальный сайт. – Новости. – 25.06.2020. - URL: <https://epp.genproc.gov.ru/web/gprf/mass-media/news> (дата обращения 25.11.2023).

8. Прокуратура Свердловской области Российской Федерации: официальный сайт. Новости. 02.06.2023. – URL: https://epp.genproc.gov.ru/ru/web/proc_66/mass-media/news (дата обращения: 25.11.2023).

9. Рахметов С.М. Уголовная ответственность медицинских работников за небрежное отношение к своим обязанностям, за врачебные ошибки // С. 1-10.

УДК 343

Жакишева Динара Кабибуллаевна

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының магистранты
Научный руководитель – к.ю.н., профессор Сембекова Б.Р.*

ТРАМАДОЛ АЙНАЛЫМЫН БАҚЫЛАУ: ЗАҢСЫЗ ТАРАТУДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ

Андатпа. Мақала «Трамадол» атты анальгетиктің заңсыз таралуын реттеу және алдын алу мақсатында оның айналымын бақылау шараларын талдауға арналған. Трамадол ауырсыну синдромдарын емдеудің тиімді құралы ретінде ықтимал теріс мақсатта пайдалану және тәуелділікті қалыптастыру тұрғысынан маңызды қауіпсіздік мәселелерін көтереді. Жұмыста дәріханалық есірткілердің кең таралуының алғышарттары мен дәріханалық есірткіге тәуелділіктің таралуының бірнеше себептері, Трамадолдың заңсыз таралуының негізгі факторлары және заңсыз айналыммен күресудің бірнеше әдістері талқыланды.

Түйін сөздер: Трамадол, дәріханалық есірткілер, нашақорлық, заңсыз айналым, бақылау

Қазіргі заманғы есірткі жағдайы психоактивті әсері бар дәрілік заттардың заңсыз айналымы мен медициналық емес тұтыну ауқымының кеңеюімен сипатталады. Нашақорлық – бұл әлеуметтік мәселе және оны шешу жалпы қоғамның одан әрі дамуына байланысты.

2023 жылғы қаңтар-қарашаның қорытындысы бойынша елімізде есірткіге байланысты 7 мың қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,1%-ға өсті.

Есірткі саудасының бірінші және айқын аспектісі – қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіру. Есірткіні қолдану ұрлық, тонау, тіпті кісі өлтіру сияқты көптеген қылмыстарды тудырады. Сонымен қатар, есірткіге деген тәуелділік кедейлік пен жұмыссыздық сияқты әлеуметтік мәселелермен тығыз байланысты. Заңсыз есірткі көбінесе тұтынушылардың денсаулығына үлкен қауіп төндіреді, бұл өз кезегінде физикалық және психикалық бұзылуларға әкеледі [1].

Қазіргі таңда құрамында есірткі бар дәрі-дәрмектерді тұтыну едәуір өсті. Себебі олардың құрамына кіретін есірткі заттары тұрақты физикалық және психикалық тәуелділікті тудырады. Дәріханалық есірткілердің бөлшек саудасына қатысты ерекше алаңдаушылық туындайды. Олар арзандығына байланысты танымал болып келеді және героин, марихуана, гашиш, апиын және кокаин сияқты «ауыр» препараттарға қарағанда қолжетімді боп келеді.

Дәріханалық есірткілер – бұл құрамында есірткі бар дәріханаларда сатылатын дәрілер. Оларды қолдану психоактивті күйдің әсерін береді. Оларды медициналық емес мақсатта қолдану адам денсаулығына үлкен қауіп төндіреді.

Шын мәнінде, дәріханалардың заңсыз әрекеттері елдегі есірткі жағдайына әсер етеді. Сонымен, дәріханалық есірткілердің кең таралуының алғышарттары мен дәріханалық есірткіге тәуелділіктің таралуының бірнеше себептерін атап өтуге болады:

- есірткі «модасы» эйфория алу үшін мектеп оқушыларының, студенттердің арасында немесе серіктестік ортада дәрі-дәрмектерді тұтынатын адамдардың кең ауқымы;

- қол жетімділік. Құрамында есірткі, психотроптық және күшті заттар бар дәрілік препараттар негізінен қоғамдық дәріханаларда немесе интернет-ресурстарда сатылады. Оларды сатып алу үшін заңнаманы бұза отырып, мамандандырылған рецепт бланкілері талап етілмейді. Талап етілген жағдайдың өзінде оны заңсыз алудың жолдары көп;

- есірткі заттарымен (метадон, героин) және психотроптық заттармен (амфетамин) салыстырғанда жоғарыда аталған заттар бар дәрілік препараттардың салыстырмалы арзандығы (қолжетімділігі). Дәрілік препаратты сатып алуға жұмсалатын шығындар есірткі немесе психотроптық затты сатып алуға қарағанда әлдеқайда аз;

- ең жеңіл жаза немесе оның мүлдем болмауы [2; 14-16];

- қолданудың қарапайым түрі. Негізінен мұндай медициналық препараттар капсула, таблетка түрінде қол жетімді және инъекцияны қажет етпейді. Яғни оларды тұтынатын адамдарға қосымша жабдық (шприцтер, игелер, турникеттер) қажет емес, тек капсуланы қолдану үшін су жеткілікті;

- медициналық сауатсыздық. Құрамында есірткі, психотроптық және күшті әсер ететін заттар бар дәрілік препараттарды тұтынатын адамдар оларды

кабылдаудың теріс салдары туралы толық білмейді. Көптеген тұтынушылар оларды кең таралған есірткі сияқты қауіпті емес деп санайды. Себебі олар тек дәріханадан алынған дәрі есебінде санайды;

- дәріханалық нашақорлықты есірткіге қарсы әлсіз мемлекеттік насихаттау. Бұқаралық ақпарат құралдары барлық жерде «нашақорлық», есірткі мен психотроптық заттарды тұтыну сияқты құбылыстың жағымсыз салдары туралы айтады. Бұл ретте дәріханалық нашақорлық саласындағы есірткіге қарсы саясат жөніндегі шараларды іске асыру тек қарқын алуда, осыған байланысты халықтың көпшілігі мұндай құбылыспен таныс емес және оны алдын ала алмайды [3; 75-77].

Құрамында есірткі бар дәрілік препараттар әлдеқайда қауіпті болуы мүмкін. Көп жағдайда бұл артық дозаланумен (Нұсқаулық және/немесе дәрігер ұсынған терапевтік дозадан көп қолдану), жиі қолданумен және басқа да препараттармен араластырумен байланысты. Мұндай дәрі-дәрмектерге құрамында кодеин бар препараттар жатады. Олардың бірі болып «Трамадол» препараты табылады.

Трамадол – қатты ауырсынуды жеңілдету үшін қолданылатын күшті анальгетик. Көп мөлшерде ол эйфория мен тез тәуелділікті тудырады, жүйке жүйесінің қызметіне әсер етеді. «Трамадол» препараты синтетикалық опиоид болып табылады. Негізінен физикалық жағдайды жеңілдету үшін онкологиялық науқастарға тағайындалады [4].

2023 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №240 қаулысымен психотроптық заттар тізіміне бұрын белгілі дәрілік препарат – «Трамадол» енгізілді. Бұл шараны енгізу соңғы жылдары оны рецептсіз жүзеге асырудың көптеген фактілерінің анықталуына байланысты болды.

Көптеген елдерде трамадол рецепт бойынша берілетін дәрі болып табылады және оның таралуы мен қолданылуы қатаң ережелерге бағынуы керек. Алайда, осыған қарамастан, қосымша реттеу шараларын қажет ететін заңсыз айналым жағдайлары бар. Препараттың рұқсат етілмеген таралуын болдырмау үшін медициналық мекемелер мен құқық қорғау органдарының тиімді мониторингі мен бақылау жүйесі қажет.

Трамадолдың заңсыз таралуының негізгі факторларының бірі – оның есірткіні теріс пайдаланатындар арасында танымал болуы. Ауырсынуды немесе психоактивті әсерді жеңілдетудің оңай жолын іздейтіндер арасында препаратқа үлкен сұраныс заңсыз айналымға ықпал етеді. Сондай-ақ, рецепт бойынша медициналық бақылаудың жеткіліксіздігінен проблемалар туындайды.

Әдетте, құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттар азаматтарға дәрігердің рецепті бойынша тек қана медициналық мақсаттарда тағайындалады. Алайда, құқық қолдану практикасында фармацевтикалық қызмет ережелерін және дәрілік заттардың айналымы саласын бұзумен байланысты қызметтік міндеттерді жосықсыз пайдалану жағдайлары бар.

Есірткі заттарын ұрлаушылар фармацевтикалық кәсіпорындардың қызметкерлері, медициналық мекемелердің емдік персоналы және т. б. шикізат немесе дайын дәрілік нысандар түріндегі есірткі заттары қызметтік міндеттерін орындауға немесе қорғауға байланысты сеніп тапсырылған адамдардың қатарына мыналар жатады [3,75]:

- емдеу мекемелерінің, дәріханалар мен дәріхана қоймаларының қызметкерлері;
- химфарм кәсіпорындарының қызметкерлері;
- есірткі заттары қорғауға сеніп тапсырылған жоғарыда аталған мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлері.

Қызметтік жағдайына және есірткіні үлкен мөлшерде немесе аз мөлшерде ұрлау мүмкіндігіне байланысты, осы топтың жеткізушілері нашақорлармен немесе көтерме сатып алушылармен тікелей байланысты болуы мүмкін.

Дәріханалық нашақорлықтың таралуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жағдай нашақорлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, әсіресе жастар арасында көбірек айналысу қажет екенін көрсетеді.

Дәріханадағы есірткі бизнесімен күресу қоғамдық қауіпсіздік пен денсаулық сақтаудың маңызды аспектісі болып табылады. Жалпы осы тақырыпты саралай келе бұл құбылыспен күресудің қорытынды бірнеше әдістерін атап өтуге болады [5, 27-30]:

- Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарының психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген дәрілік препараттарды босатуға байланысты құқық бұзушылықты жасағаны үшін қатаң қылмыстық жауаптылық енгізілуі керек. Ғылыми қызметкерлердің, технологтардың, фармакологиялық кәсіпорындардың зертханашыларының, дәріхана персоналының заңсыз қызметі үшін жауапкершілікті күшейту;

- Қатаң бақылау және реттеу: заңнаманы күшейту және дәріхана қызметін бақылау есірткінің заңсыз таралуын болдырмауға көмектеседі. Бұған рецепт беру талаптарын қатаңдату, сатуды қатаң бақылау, жеткізілім мен түгендеуді бақылау жүйелері кіреді;

- Тиімді бақылау жүйесі: нақты уақыттағы есірткі сатылымын бақылауға мүмкіндік беретін тиімді бақылау жүйелерін дамыту ықтимал бұзушылықтарды тез анықтауға және оларға жауап беруге көмектеседі;

- Қызметкерлерді оқыту: дәріхана қызметкерлерін жалған рецепттер мен алаяқтық белгілерін тануға үйрету есірткіні нақты медициналық қажеттіліксіз сатудың алдын алуға көмектеседі;

- Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық: дәріхана ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасында тығыз ынтымақтастық орнату есірткі қылмысын тергеуге және болдырмауға көмектеседі;

- Технологияны қолдану: дәрі-дәрмектерді сәйкестендіру және қадағалау жүйелері сияқты заманауи технологияларды енгізу контрафактілік өнімдер мен жалғандықтармен күресуге көмектеседі;

- Білім беру бағдарламалары: халық арасында есірткіні тұтынудың қауіптері мен салдары туралы білім беру науқандарын өткізу заңсыз есірткіге деген сұранысты азайтуға көмектеседі;

- Есірткі дайындаудың сипаттамалық бөлігін қамтитын интернет-ресурстарға бақылауды күшейту;

- Халықаралық ынтымақтастық: есірткі бизнесінің халықаралық желілеріне қарсы күрестегі елдер арасындағы ынтымақтастық заңсыз сауданы ұйымдастырушыларды қудалауға және жазалауға көмектеседі.

Қорытындылай келе, Трамадолдың ауырсыну синдромдарын емдеудегі тиімділігіне қарамастан, оның айналымын белсенді түрде реттеу және ықтимал жағымсыз салдарын азайту мақсатында заңсыз айналымын алдын алу қажет. Трамадол айналымын реттеу және бақылау бойынша қатаң шараларды енгізу оның теріс пайдаланылуын, тәуелділігін және жағымсыз жанама әсерлерін болдырмау үшін қажетті қадам болып табылады. Трамадолды өндіруді, таратуды және сатуды реттеу және заңсыз таратқаны үшін жазаны қатаңдату осы препаратты қабылдайтын пациенттер мен жалпы қоғам үшін қауіпсіз орта құруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Борисова, С.В Казахстане объявили войну «аптечной» наркомании / С.В. Борисова. – URL: <https://camonitor.kz/33268-v-kazahstane-obyavili-voynuaptechnoy-narkomanii.html>

2. Полинская Т. А., Шишов М.А. Актуальные аспекты новых форм аптечной наркомании. Наркоконтроль №4(57). 2019. - с. 14-16.

3. Виноградова Е. В. Субъект медицинских преступлений. Новые грани / Евразийская адвокатура. – 2022. – с. 75–77.

4. Трамадол. <https://rehabfamily.com/articles/tramadol/>

5. Қаржасова Г.Л.Б, Феткулов А.Х., Орынбеков А.С. Есірткі, психотроптық заттар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары. Қазіргі заманғы маңызды мәселелер: Халықаралық ғылыми журнал №1(27) – 2020. 27-30б.